

Академияға ата-аналар алғыстарын білдірді

Қазақстанда Алғыс айту күні өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2016 жылғы 14 қаңтардағы Жарлығымен Қазақстанда Алғыс айту күні бекітілгені баршамызға аян.

Бұл мереке Мемлекет басшысының Жарлығымен биыл екінші рет атап өтіліп отыр. Сондай-ақ бұл күн Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. 1995 жылдың 1 наурызында елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды және 2015 жылы Ассамблеяның жиырмажылдығын мерекелеу аясында Мемлекет басшысы бұл күнді халықтың бір-біріне және елге күштеп қоныстандырылған кезде төзімділік пен қонақжайлылық танытқаны үшін қазақтарға алғыс білдіре алатын күн деп

жариялауды ұсынды. Елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір үйдің баласындай ғұмыр кешуде. Қазақстан – азаматтық келісімді, түрлі мәдениеттер мен діндерді тоғыстырған көпұлтты, зайырлы мемлекет.

Міне, осы мерекеге орай, 1 наурыз күні Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының саптық алаңында салтанатты іс-шара өтті.

Аталмыш іс-шараға курсанттардың ата-аналары және басқа да академия ұжымын құттықтай келген қонақтар қатысты.

Салтанатты жиынды Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов өтеттегі құттықтауынан бастады;

– Құрметті ата-аналар, офицер мырзалар мен



курсанттар! Сіздерді бүгінгі айтулы мерекемен құттықтай отырып, шын жүректен алғысымды айтамын. Біздің бірігіп еңбек жасағанымыздың арқасында қазіргі таңда Академияны дүйім жұрт жақсы танып қалды десем артық айтқандық болмас. Бүгінгі іс-шараға қатысып отырған ата-аналар Сіздердің бүгінгідей

ұл-қыз тәрбиелеп, біздің оқу орнымызға сеніп оқытып жатқандарыңызға мың алғыс – деді, өз құттықтауында.

Академия бастығының құттықтауынан кейін ата-аналардың атынан 3-курс курсанты Виктория Демьянчуктің анасы Вера Петровна академия ұжымына және басшыларына төмендегідей алғыс сезімін

білдірді;

– Бүгін өте маңызды – алғыс айту күні. Осы күнді пайдаланып, барлық курсанттардың, ата-аналардың атынан және өз атымнан бірінші кезекте Академия бастығы Мирлан Ахмедияұлы Қызыловқа және академия басшылығы мен оқытушыларына ерекше алғыс білдіремін. Болашақта барлық жұмыстарыңызға, ғылым жолында жемісті еңбек тілеймін. Біздің балаларымыз әрқашанда дипломдармен, мақтау қағаздарымен марапатталады, бұл дегеніңіз Сіздердің жоғары кәсібилігіңіздің арқасы деп ойлаймын. Рахмет, Сіздердің қолдауларыңызға, назарларыңызға! Рахмет біздің осындай отан қорғаушыларымызды адами қалыпта тәрбиелеп жатқандарыңызға деп, – ағынан жарылды. Барлық құттықтаулардан

кейін, Академия бастығы Мирлан Ахмедияұлы Академияға еңбегі сіңген кейбір қызметкерлерге төсбелгі, медальдар беріп, көптеген үлгілі курсанттардың ата-аналарына алғыс хаттар табыстады.

Сондай-ақ Академияның белгілі спортшы курсанттарына мақтау қағаздары мен дипломдары берілді.

Жиын соңында барлық офицерлер мен курсанттар салтанатты түрде сап түзеп, саптық алаңда жүріп өтті.

Міне, осылай Елбасымыздың көреген саясатының арқасында өмірге келген «Алғыс күні» барша академиялықтар алғысқа бөленді.

**Мейрам ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев
атындағы Қостанай
академиясының
баспасөз хатшысы**



«Жол бер!» бірлескен рейді

Өрт сөндіру машиналарының кедергісіз өтуіне назар аудару мақсатында жақында Қостанай қаласында «Жол бер!» рейді өткізілді.

Іс-шараның негізгі міндеттерінің бірі қостанайлық жүргізушілердің автокөлік жүргізу мәдениетін арттыру болып табылады. Көп жағдайларда олар жедел қызмет машиналарына жол беруге немқұрайлы қарайды, ал мұндай көзқарас төтенше жағдайлардан зардап шеккен адамдардың жағдайларын одан әрі қиындата түсетіні белгілі.

Өрт сөндірушілер және патрульдік машиналар облыс орталығының, КСК және басқа да аудандардың көшелерімен жүріп өтті. Дыбыс сигналдарын жүргізушілердің қырағылықтарын байқау үшін әдейі қосып қойды. Жол бойында барлық болып жатқан жайларды тілшілер фото және бейнекамераларға түсіріп отырды. Жол полициясының қызметкерлері түсіндіріп өткендей «жарқ-жұрқ еткен белгілері және арнайы сигналдары қосылған машиналардың жол үстінде емін-еркін жүруге құқы бар, яғни қажет болған жағдайда

жол жүрісі ережесін бұзуға, бағдаршамның қызыл түсіне және қарама-қарсы жолаққа шығып кетуге болады. Алайда, арнайы көлік жүргізушілері қозғалыстың қалған қатысушыларына қауіп төніп тұрмағандығына көз жеткізулері тиіс».

Қаладағы кейбір аулалардағы онсыз да тар жолдарға автомобильдерін қою мәселесі де әлі күнге дейін өз шешімін таппай келеді. Бұл аулаларға кіру үшін автомобильдер кішкентай миллиметрдің өзін бақылап, қалай да оқиға орнына жетуге асығады. Рейдке қаланың әрбір өрт сөндіру бөлімінен 3 машина және 3 жол полициясының патрулі қатысты.

«Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығының орынбасары Дмитрий Полончуктың сөзіне қарағанда: «Әрине, қазіргі уақытта мұндай мәселе бар, бұл дегеніміз біздің жедел жұмысымызға кері әсерін тигізеді. Өткен жылы өрт сөндірушілер 50 адамды құтқарды, егер жүргізушілер жол үстінде өрт сөндіру машиналарына жол бергенде, бұл адамдардың саны бұдан да көп болатын еді, алайда олар көп жағдайда

жол бермейді. 1 сағат бірлескен рейд барысында МАИ қызметкерлері 2 хаттама толтырды, 5 ескерту жасады, жүргізушілермен профилтаклық әңгімелесулер өткізді. Бұдан әрі «Жол бер!» рейдін тұрақты негізде өткізіп отыру жоспарланып отыр».

Өртке қарсы қызмет пультына дабыл сигналы келіп түскен сәттен бастап әрбір минут, тіпті секунд қымбат болып саналады. Әрине, көп жағдайда барлығы да өртке қарсы қызметінің үйлесімді және шұғыл іс-қимылына, олардың тез ден қоюына және шақырту орнына жедел жетулеріне байланысты. Алайда, жол жүргізушілердің сирена дауысын естімеген және жарқ-жұрқ еткен белгіні көрмеген қалып танытып «жарқылдайтын белгісі бар автомобильге» жол бермеу оқиғалары жиі кездесіп тұрады. Құтқарушыларға жол берудің қаншалықты маңызды екендігін жол үстіндегі жүргізушілер әр уақытта да есте ұстайды деп үміттенеміз.

**Қостанай облысы ТЖД
«ӨС және АҚЖҚ» ММ
мемлекеттік тіл және
ақпарат тобы**

Балалар құқығы. Алименттік міндеттемелер

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында көрсетілгендей, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті. Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар екені ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің талаптарымен белгіленген.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 138-бабына сәйкес, ата-аналар өздерінің көмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Ата-аналар өздерінің көмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру жүйесінде оқитын көмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы.

Егер ата-аналар өздерінің көмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі көмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот

тәртібімен өндіріп алынады.

Занды тұрғыда, алименттер – ол бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат. Аталған кодекстің 139-бабымен көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері белгіленген. Осы ретте, алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот көмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға - үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Арызданушы, яғни көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға арналған алиментті талап етуге құқылы тұлғалар, өздерінің тұрғылықты жері бойынша аудандық сотқа ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 135-бабының талаптарына сай, көмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы сот бұйрығын шығару туралы арызбен жүгінуге құқылы. Алайда, осы талап әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігімен байланысты болмауын ескерту қажет.

ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 243-бабына сәйкес, алименттер алып беру туралы сот шешімі дереу орындалуға жатады.

Көмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді төлеу туралы сот шешімін (сот бұйрығын) орындауға міндетті

борышкерлер оны уақытылы және себелсіз орындамағаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау – жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамқақ алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабымен балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Яғни, ата-ананың көмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы – екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жоғарыда аталған заң талаптары мемлекетіміздің әлеуметтік саяси бағдарламаларының маңызды бір жолында, әр баланың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын реттейтіні сөзсіз.

**Нұрбол МҰҚАНОВ,
Қостанай облысы
Денисов аудандық
сотының судьясы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

Лирикаға толы қысқы бал

Қыс. Бұл мезгіл ақ ұлпа қарымен, кейде қытымыр сары аязға тоңдырып әбгерге салған сәттерімен баршамыздың есімінде қалатыны сөзсіз...

Дегенмен қақаған қаңтар мен ақырған ақпанның аязынан кейін, жер бетіне жаймашуақ жылылығымен көктей жайнап көктем келетіні белгілі. Міне, осы бір адамзатқа қуанышын арқалап келетін көктемнің алғашқы күні, қыс мезгілін шығарып салу үшін, Қостанай қаласының орталығында орналасқан «Dala hall» ресторанында ұмытылмас мерекелік қайырымдылық іс-шара өтті.

Ол білім ошағының қара шаңырағы саналатын, елімізде он үздік жоғары оқу орындарының қатарына кіретін Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бірлесіп ұйымдастырған «Қысқы ертегіге саяхат» атты студенттер мен курсанттардың қысқы бал мерекелік кинофестивалі еді.

Қысқы бал осымен қатарынан 6-шы жыл облысымыздағы ауыр дертке шалдыққан бүлдіршіндерге

қол үшін беру үшін қайырымдылық түрінде ұйымдастырылып келеді.

Аталмыш жобаның авторы А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қызметкері, Қостанай облысына белгілі ұйымдастырушы, шоумен Болат Назмышұлы Қалиев. Жаста болса қолынан іс келетін Болаттың еңбегі қазіргі қоғамдағы жастарға айтарлықтай үлгілі болары сөзсіз. Қайырымдылық шара деп отырған себебім, осы іс-шарадан түскен қаражат облысымыздағы қаржыға мұқтаж, өмір тәлкегіне ұшырап, жан баласына қаржы таба алмай отырған отбасыға арнайы түрде табыс етіледі.

Міне, биылғы ұйымдастырылып отырған қысқы балдың өз ерекшелігі бар. Өйткені биылғы шараның ауқымын кеңейту үшін біздің оқу орнымыздың курсанттарын арнайы шақыртып, көпшілікке үлгі ретінде «әскери вальс» биін ұсынды. Және де биылғы шара Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен полицияның 25 жылдығына арналды.

Салтанатты кешке Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов, Қостанай облысы әкімдігі

жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов, Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов пен университеттің проректоры Жеңіс Жарылғасов және арнайы шақырылған құрметті қонақтар - қазылар алқасы қатысты.

Қысқы балға арнайы құрметпен шақырылған Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов қысқы балдың салтанатты ашылуында өз құттықтау сөзін төмендегідей қуанышты сезіммен жеткізді:

Мұндай жастардың маңдай терімен дайындалған ауқымды іс-шара, әрине, бәрімізді бей-жай қалтырмайтыны сөзсіз. Қоғамдағы жастардың бүгінгі қайырымдылық науқанын ұйымдастырып отырғанына өзбасымризашылығымды білдіремін. Қандай керемет жұптары жарасқан жастар, ким үлгілері құтты ертегідегі ханшайымдар мен ханзадалардың классикалық киімдері тәрізді. Сіздердің ұйымдастырып отырған кештеріңізді көріп, ертегі әлеміне саяхат шеккендей әсердемін. Атының өзі айтып тұрғандай бәрі таңғажайып. Бұл іс-шараның өзіміздің оқу орнымыз Академия қабырғасында да жалғасын табатынына сенімдімін,



– деді.

Сахна төріне нысандық киім үлгісінде ақ күрте, қара шалбар киген курсанттар мен қызыл түсті кешкі көйлек киген университеттің студенттері бірігіп, «әскери вальс» биін билеп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Тіпті кеуделерінде патриоттық сезім оты оянған жастар би аяқталысымен ұзақ уақыт ыстық ықыласпен қол шапалақтап, жұптары жарасқан қыз-жігіттерге қошеметтерін аямады.

Қысқы бал әрі қарай университеттің 7 факультеті дайындаған кинофестивальге жалғасты. Кинофестиваль деп отырған себебі, әлемге әйгілі кинолардың музыкасына студенттер би билеп, өнер көрсетеді. Бидің

басы қазақтың «Анаға апарар жол» көркем фильмінің музыкасына билеуден басталып, әлемге белгілі «Гари поттер» фильмінің музыкасын сүйемелдеуден аяқталды.

Үш сағатқа созылған концерттік бағдарламаға 500-ден астам студенттер және шақырылған құрметті қонақтар қатысты.

Кеш өте әсерлі болғаны сондай, біздің курсанттар өте тамаша сезіммен оралып, университет ұжымына алғыстарын айтуды да ұмыт қалдырмады.

Мейрам ОСПАНОВ,
Қостанай академиясының
Баспасөз хатшысы
Суретті түсірген
Сейітқали Камалов

Имамдармен кездесудің мәні зор

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 25-ші ақпан күні имамдармен кездесу өтті.

Алматы қаласы ҚМДБ филиалы НҰР мешітінің имамы Құрмет Смағұл және найб имамы Сейіт қажы Темірбекұлы келіп «діни экстремизм және терроризм актілеріне» байланысты біршама ақпараттар, деректер және түсініктер айтып, насихат жүргізді. Олар насихаттау барысында осы террорлық актілер жайлы және діни экстремизм жайлы, олардың бүгінде әлемдегі ахуалы, еліміздегі ахуалы жайлы айтып өтті. Сондай-ақ көптеген қауіпті, қате бағыттағы діни секталар барысында да сөздер қозғады. Асыл дініміздің – Ислам дінінің бейбітшілік пен татулықтың көрінісі екендігін және де ешқандай да террорлық және экстремизмді қаламайтындығын ашық та айқын баян етті.

Сұрақ-жауап барысында курсанттар өздерін қызықтырған және білмейтін біршама жайлар туралы сұрақтарын қойып, керекті ақпараттарын алды. Кездесу барысында имам мырзалар бүкіл Қазақстан имамдарының сауаттылығын және олардың туралықтарын анықтау үшін, әр 3 жылда ҚМДБ тарапынан аттестациялаудан өтетіндіктерін де айтып берді.

Кездесу өте қызықты өткені соншалық, күннің қалай батқанын байқамай қалыппыз. Және бұл сұхбаттан өмірлік сабақ алдып, алдағы уақытта қызмет барысында қажет боларына күмән келтірмейміз. Иә, имамдармен кездесудің мәні зор.

Тұрсынбай ДУМАЖАН,
2-курс курсанты

Қызметкерлер өзара тәжірибе алмасты

Жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтына еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан түзеу мекемелерінің кезекші бөлім бастықтарының көмекшілері келді.

Олар академияда білімдерін толықтырып, тәжірибелерін арттыруда. Осы келген қызметкерлер арасындағы ҚР ІІМ ҚАЖ комитеті кезекші бөлімінің аға инспектор-кезекшісі, әділет майоры Азат Арықов, Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД ЗК-169/1 мекемесі тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі, әділет майоры Руслан Алимов және Қостанай облысы бойынша ҚАЖД УК-161/2 мекемесі бастығының



кезекші көмекшісі, әділет капитаны Серик Сисейбин және Академияның кезекші бөлім бастығы полиция подполковнигі Арман Есжанов пен Академияның №1, №2 бақылау өткізу бекетінің қызметкерлері өзара тәжірибе алмасып, ой бөлісті.

Кездесу барысында

тәжірибе қызметкерлері Академияның түзеу мекемелерінде БӨБ жұмысының кейбір құпия емес сырларымен бөлісті.

Айта кетуге болады, осы басқосуда белгілі болғанындай, Академиядағы кезекші бөлім және БӨБ жұмысы тәжірибеден

қарағанда біршама жеңіл әрі заңға қайшы келмейді екен. Ал тәжірибедегі түзеу мекемелерінің бірқатарында қаржының тапшылығына байланысты кейбір келеңсіздіктердің болатынын әділет майоры Руслан Алимов тілге тиек етті.

Олардың айтуы бойынша, кейбір кезекші

бөлім және бақылап өткізу бекеті стандартқа сәйкес келмейді. Олай дейтін себебі, Академияның кезекшілік бөліміне қарағанда көлемі тарлау. Оларды кеңейтіп қайта салу үшін қаражаттың жоқтығы қол байлайтынын айтып өтті.

Аталмыш кездесуде оқу орны мен түзеу мекемесінің арасындағы көптеген мәселелер сөз болып, болашақта барлығы қалпына келетініне үміт бар екендігі айтылды.

Тәжірибе қызметкерлері сөз арасында Академияның бақылап өткізу бекеті стандарттар мен талапқа сәйкес екенін алға тартып, жұмыстарына табыстар тіледі. Міне, осылай екі жақтың ой бөлісуі нәтижелі аяқталды.

А. ЕСЖАНОВ,
Академияның Кезекші
бөлім бастығы
полиция
подполковнигі

Сыйластыққа, мейірімге толы – жүрек!

Жақсы сөз айту, алғыс білдіру – әрбір адамның міндеті. Әрине, жылдың әр күні сыпайы болуға тырысуымыз керек. Алайда, көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз.

Психолог ғалымдардың айтуынша алғыс сөздерінде бір сиқырлық бар - олар арқылы адамдар арасында жақсы қатынас орнатылып, адамның өзін-өзі бағалауы, сыйластық сезімдері оянады. Ең бастысы, алғысыңыз жүректен шығып, шын ниетпен айтылуы тиіс. Қазақстан халқында 1

наурыз алғысайту күні болғандықтан, осы күні 208 оқу тобында «Мейірімді жүрек» тақырыбы бойынша тренинг жаттығуы өтті.

Тренинг жаттығуы өту барысында курсанттар бір-біріне сыйластықтарын, жылы сезімдерін, алғыстарын білдірді. Тренинг жаттығуына курсанттар қызығушылық таныта отырып, өз үлестерін қосты.

Жалпы айтқанда, тренинг жаттығуы ойдағыдай өтті.

Н. ТҰРСЫМБАЕВА,
208-оқу тобының кураторы
полиция аға лейтенанты



Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru